Автор: Tansykbaeva Akbota Kidirbekovna
Предмет: Математика
Класс: 1 класс
Раздел: Сложение и вычитание чисел в пределах 20
Тема: Сандармен амалдар қолдану

Цели обучения (ссылка на учебную программу):	1.2.1.6 екі амал арқылы орындалатын жақшамен және жақшасыз берілген өрнектердің мәнін табу, амалдардың ретін анықтау.
Цели урока:	Барлық оқушылар: екі амал арқылы орындалатын жақшамен және жақшасыз берілген өрнектің мәнін табу, амалдардың ретін анықтау. Көптеген оқушылар: екі амалды жақшалы және жақшасыз өрнектердегі амалдардың орындалу тәртібін анықтау және мәнін табу. Кейбір оқушылар: қосудың ауыстырымдылық қасиетін түсіндіру.
Языковые цели:	Тілдік мақсаттары: үш санды қосу және азайту үшін амал- дардың орындалу реті туралы ұғымды қалыптастыру, түсіндіру. Пәнге қатысты лексика мен терминологиясы: амалдар реті, жақшалы,жақшасыз, қосу,азайту, бір амалды өрнек, екі амалды өрнек Диалог пен жазуға пайдалы сөз тіркестері: Талқылау: — Ағашта неше құс болған? (2) — Тағы 2 құс ұшып келіп қонды. Ағашта енді қанша құс болды? (4) — Тағы 2 құс ұшып келіп қонды. Ағашта енді қанша құс болды? (6) — Тағы 2 құс ұшып келіп қонды. Ағашта енді қанша құс болды? (8) — Қандай сандар алдыңдар? (2, 4, 6, 8, 10)
Критерии успеха:	Екі амалды жақшалы және жақшасыз өрнектердегі амалдардың орындалу тәртібін анықтайды және мәнін табады.
Привитие ценностей:	Бірлікке,татулыққа, бір – бірінің айтқан ойларын құрметтеуге, жылдамдыққа, жауапкершілікке тәрбиелейді.
Межпредметная связь:	Қазақ тілі
Предыдущие знания:	Қосу мен азайтуға берілген өрнектердің мәнін табу, амалдың орындалу ретін білу.

Ход урока

Этапы урока	**Запланированная деятельность на уроке**	**Ресурсы**

Начало урока (Сабақтың басы (12 минут))	**(Ұ) Ширату жаттығулары:** «Калейдоскоп» ойыны. Оқушылар жарты шеңбер бойына орналасады,бір оқушы ортада тұрады. Әр оқушы өзіне ұнайтын санды айтып шығады.Содан соң ортада тұрған оқушы теріс қарап тұрады. Оқушылар орындарын ауыстырады. Ортадағы оқушы кім қандай санды ұнататынын айтып шығады. **Оқу мақсатымен таныстыру.** Екі амал арқылы орындалатын жақшамен және жақшасыз берілген өрнектердің мәнін табу,амалдардың ретін анықтау. **(МК, Ж)** Ұшып келді — ұшып кетті. Тапсырманы суреттерді көрсетуарқылы оқимын, ал оқушылар санауды жүргізіп отырып, өздерініңжауаптарын басқа жұптардың жауаптарымен салыстырып,тексеріп,сыныптың ішінен дұрыс жауабы бар парақты тауып алуларыкерек. — Ағашта неше құс болған? (2) — Тағы 2 құс ұшып келіп қонды. Ағашта енді қанша құс болды? (4) — Тағы 2 құс ұшып келіп қонды. Ағашта енді қанша құс болды? (6) — Тағы 2 құс ұшып келіп қонды. Ағашта енді қанша құс болды? (8) — Қандай сандар алдыңдар? (2, 4, 6, 8, 10) **(Т) «Ойын сүйектері» әдісі.** 20- -3=? Ойынды ойнап көр. Нүктелері бар текшені ал. Текшені лақтырғанда жоғары жағына түскен нүктелер санын мысалдағы қар қиыршығының орнына қой. Алынған өрнектің мәнін тап. Сен неше мысал келтірдің?	Әдістер қоймасы 48 бет Суреттер, сандар жазылған қағаздар Математика оқулығы 1 сынып 9 бет Текше
Середина урока (Сабақ ортасы (20 минут))	**(Ж) Шығарып көр.** Мысалдарды шеш. Жауаптарын диаграмма арқылы өсу ретімен орналастыр. Жауаптарына сәйкес келетін әріптермен сөз құрастыр. Қандай сөз шықты? 10 + 0 + 6 = 16 (Т) 40 – 30 + 3 = 13 (Ң) 20 – 1 – 10 = 9 (Қ) 100 – 80 – 1 = 19 (А) 40 + 0 – 20 = 20 (Р) 19 – 8 + 0 = 11 (А) **(Т) Орындап көр**.Зерттеу жүргіз. Оны мына ретпен орында: 1. 40+30+10 мысалын амалдардың орындалу ретін сақтап шығар. Сенде қандай жауап шықты? Содан кейін осы мысалды амалдардың орындалу ретін сақтап шығарып көр. Енді қандай жауап шықты? Жауаптар бірдей ме? Неліктен? 2. 40-30+10 мысалын амалдардың орындалу ретін сақтап шығар. Сенде қандай жауап шықты? Содан кейін осы мысалды амалдардың орындалу ретін сақтамай шығарып көр. Енді қандай жауап шықты? Жауаптар бірдей ме? Неліктен? 3. Қорытынды жаса. **(Ө,қ)** Берілген өрнектердегі амалдардың орындалу тәртібін анықтаңыз. Көк дөңгелекшенің ішіне амалдардың орындалу ретін жазып көрсетіңіз. Өрнектердің мәнін табыңыз. **Дескриптор:** Білім алушы - екі амалды жақшалы өрнектердегі амалдардың орындалу тәртібін жазып көрсетеді; - екі амалды жақшасыз өрнектердегі амалдардың орындалу тәртібін жазып көрсетеді; - екі амалды жақшалы өрнектердің мәнін табады; - екі амалды жақшасыз өрнектердің мәнін табады.	Маркерлер, ламинатталған А 4 парқтары әріптер мен сандар жазылған стикерлер Математика оқулығы, 1 сынып, 9 бет. Амалдар жазылған А4 қағаз ҚБ жинақ математика 1 сынып, 66 бет
Конец урока (Сабақтың соңы (8 минут))	**Рефлексия:** Жолды жүріп өт. Оқушылар сөреден мәре сызы-ғына дейін алдын ала белгіленген санның қосындысын жинап жүріп өтуі керек. а) 5 + 6 + 9; ә) 10 + 30 + 60 **Кері байланыс:** Смайликтер Түсінбедім Сұрағым бар. Түсіндім	Математика 1 сынып, 19 бет Мәре мен сөре сызығы,сандар жазылған аяқ іздері